



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

13.12.2024 жыл

№ 2, 1-т.

**Кәсіподақ мүшелері мен балалардың
жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша
мүшелік ұйымдардың 2024 жылғы
жұмысының қорытындысы туралы**

Кәсіподақтың Орталық Комитет аппаратының ұйымдастыру жұмысы бөлімінің басшысы Е.С. Иманбаевтың ақпаратын тыңдап, талқылай келе, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару Комитеті мүшелік ұйымдар қызметінің негізгі бағыттарының бірі қызметкерлердің және олардың балаларының жазғы кезеңде демалысын ұйымдастыру болып табылатынын атап өтті.

2024 жылы жазғы демалыспен 25 436 қызметкер және 5 031 бала қамтылды. 2023 жылмен салыстырғанда жұмыскерлерді (қызметкерлерді) сауықтыру 874 адамға артты, ал балалар саны 815-ке азайды.

2024 жылы жазғы демалысты ұйымдастыруға мүшелік ұйымдар **1 656 636 759** теңге, оның ішінде **25 436** кәсіподақ мүшелерін сауықтыруға **1 571 299 579** теңге, **5 031** баланы сауықтыруға **85 337 180** теңге қаржы жұмсады.

2024 жылдың қорытындысы бойынша ең көп қызметкерлерді сауықтырған облыстық кәсіподақ ұйымдары: Жамбыл – 5 441 адам, Шығыс Қазақстан – 3 020 адам, Ақмола – 2 246 адам, Ақтөбе – 2 107 адам, Солтүстік Қазақстан – 2 066 адам, Қызылорда – 1 701 адам, Жетісу – 1 213 адам, Павлодар – 1 098 адам.

2023 жылмен салыстырғанда сатып алынған шипажайлар жолдамаларының саны 695-ке артты.

Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының шипажайларында 2024 жылы сауықтырудан өткен білім саласы қызметкерлерінің жалпы саны 7 485 адам немесе 29,4 % - 1 242 149 772 теңгеге сауықтырылды.

Жұмыскерлердің (қызметкерлердің) ең көп саны: «Көктем» – 1 259, «Меркі» – 1 225, «Манкент» – 1 075, «Сарыағаш» – 975, «Сосновый бор» – 927, «Мойылды» – 787, «Жаңақорған» – 783, «Щучинский» – 447 шипажайларында сауықтырылды.

Жазғы демалыстың қорытындысы бойынша мүшелік ұйымдар мәліметтерді Кәсіподақтың Орталық Комитетіне ұсынған кезде жұмыстың оң тәжірибесін, сондай-ақ қызметкерлер мен балалардың демалысын және сауықтыруды ұйымдастыру кезіндегі проблемалар мен шешілмеген мәселелерді көрсете отырып, толық және егжей-тегжейлі ақпаратты ұсыну қажеттілігіне назар аудару қажет.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару Комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіподақтың Орталық Комитеті аппаратының бөлім басшысы Е.С. Иманбаевтың 2024 жылы қызметкерлердің – кәсіподақ мүшелерінің және олардың балаларының жазғы демалысы бойынша облыстық, қалалық кәсіподақ ұйымдарының жұмысы туралы ақпараты (қоса беріледі) назарға алынсын.

2. Салалық кәсіподақтың мүшелік ұйымдары басшылары қызметкерлер мен балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша мақсатты және сапалы жұмыс жүргізу қажеттілігіне назар аударсын, Кәсіподақтың Орталық Комитетіне сапалы да толыққанды ақпарат дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Кәсіподақ басшылығына (А.М. Мұқашева, В.Ф. Беженаров, Б.Ә. Әлиев) ҚР КФ шипажайларына жеңілдікпен сатылатын жолдамаларының құны (бағасы) туралы мәселені Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясымен пысықтау тапсырылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ Төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева